



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ  
ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАР АГЕНТТІГІНІҢ ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА  
БЮРОСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАНЫ ЖӘНЕ  
ДЕРЕКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУ  
**ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Астана 2022



# МАЗМҰНЫ

1

3 бет

ЖОЛДАНЫМ

02

4 бет

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

03

7 бет

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

04

16 бет

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ

05

22 бет

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ

06

27 бет

НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕР

07

29 бет

МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

08

36 бет

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

09

39 бет

ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ



# ЖОЛДАНЫМ

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы бізге үйреншікті көптеген процестерді өзгертіп, жеке, сондай-ақ мемлекеттік секторда жинақталған деректердің ауқымды көлемін пайдаланудың бірегей мүмкіндігін ашты. Бұл жағдайда деректер инновацияны және барлық деңгейде сапалы шешімдерді ынталандыра отырып, **өнімділіктің қосымша факторына айналуға**.

Алайда деректер әлеуетті артықшылықтарымен қатар, олардың сапасын, қолжетімділігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету, өңдеу және сақтау инфрақұрылымын құру, сондай-ақ оларды монетизациялаудың ашық тетіктерін енгізу бойынша **жаңа сын-қатерлерді туғызады**.

Күн сайын ресми статистикалық ақпаратты түзушілердің де, пайдаланушылардың да деректерімен жұмыс істей отырып, біз – Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (Бюро) **деректерді тиімді пайдаланудың елеулі әлеуеті** мен олардың мемлекет дамуының барлық салаларына әсер ететінін түсінеміз.

Осыған байланысты Бюроның алдында қалыптасқан ұлттық статистика жүйесін және жаңадан пайда болған деректердің экожүйесін өзара қалай интеграциялауға болады деген **күрделі сұрақ** туындап отыр, сонымен қатар жоғарыда атап өтілген сын-қатерлерді де шешу қажет.

Халықаралық тәжірибені және корпоративтік сектордың үздік тәжірибелерін мұқият зерделей отырып, біз деректерді басқару **жеке мемлекеттік функция** ретінде анықталуы және **басым саясат** ретінде көрсетілуі керек деген қорытындыға келдік.

Бұл саясатты іске асыру үшін деректерді экономикалық құндылығы бар және тиімді басқаруды қажет ететін актив ретінде қарастыру маңызды. Осыған байланысты деректерді басқарудың озық тәжірибелеріне сүйене отырып, деректердің ұлттық экожүйесінің негізіне **5 принципті енгізу ұсынылады**: өзектілік, құпиялылық, «тек бір рет» ережесі, инклюзивтілік және объективті сұраныс.

Осы принциптердің негізінде **Мемлекеттік статистиканы және деректердің ұлттық экожүйесін дамыту тұжырымдамасы (тұжырымдама) дайындалды**. Бұл құжатты Бюро әзірлеп, ұлттық статистика жүйесінің қайда бағыт алғанын және **деректердің тиімді экожүйесін** қалыптастыру үшін оған қандай сын-қатерлерді еңсеруі керектігі туралы пайымымен **бөлісу үшін** сіздің назарыңызға ұсынады.

Көптеген ұсыныс статистикалық қызметтің **шегінен тысқары**, сондықтан Тұжырымдама аясында **талқылауға ұсынылады**. Сіздерді талқылауға қатысуға және деректердің ұлттық экожүйесінің іргетасын қалыптастыруға өз үлесіңізді қосуға шақырамыз.

Сізден кері байланысты асыға күтеміз

**Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі**  
**Ұлттық статистика бюросының басшысы**  
**Жандос Шаймарданов**





02

# ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР



## Жалпы ережелер

Жария талқылауға ұсынылған Тұжырымдама **ұлттық статистика жүйесін реформалау және деректер экожүйесінің әлеуетін ашу мақсатында** әзірленген.

Қазақстанда ұлттық статистика жүйесі заңнамаға және ресми статистиканың негізін қалаушы принциптеріне сәйкес дамуда. Сондай-ақ ұлттық статистика жүйесімен қатар деректердің **едәуір ірі экожүйесі** қалыптастырылуда, осы экожүйеге қатысты қазіргі уақытта қандай да бір реттеу нормалары жоқ.

McKinsey[1] анықтамасына сәйкес **деректер экожүйесі** – бұл көптеген жеткізушілердің деректерін біріктіретін және өңделген деректерді пайдалану арқылы құндылық жасайтын платформа.

Деректер экожүйесі ұғымы айналымға енді ғана енуде, осыған байланысты жоғарыда келтірілген анықтамаға баламалы басқа терминдер қолданылуы мүмкін. Осылайша, Дүниежүзілік Банктің «Жақсы өмірге арналған деректер»[2] есебі шеңберінде **деректердің интеграцияланған ұлттық жүйесі** ұғымы енгізілді, ол үкімет, жеке тұлғалар, азаматтық қоғам, ғылыми орта және жеке сектор арасында әділ және қауіпсіз деректермен алмасуға ықпал ететін платформа ретінде айқындалады.

Осы Тұжырымдама шеңберінде деректердің ұлттық экожүйесі екі құрамдас бөлікке бөлінеді:


1. **Мемлекеттік** дереккөздер, оның негізінде статистикалық (Бюро жинайтын) және әкімшілік деректер (басқа мемлекеттік органдар жинайтын) қалыптастырылады.
2. **Баламалы** дереккөздер – мобильді операторлар, маркетплейстер, әлеуметтік желілер, Жердің аэротүсірілімдері және т.б. жатқызылуы мүмкін өзге де мемлекеттік емес дереккөздер.

Тұжырымдаманың ережелері мемлекеттік деректер болып табылмайтын деректер иелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ олардың шаруашылық қызметіне араласпау қағидаттарын сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, статистикалық органдар мен мемлекеттік сектор ұйымдарының ақпараттық ресурстарына енгізу үшін оларды ұсыну кезінде **мемлекеттік** және **баламалы дереккөздерге** де қолданылады.

[1] <https://www.mckinsey.com/capabilities/mckinsey-digital/our-insights/tech-forward/data-ecosystems-made-simple>

[2] <https://wdr2021.worldbank.org/>





Тұжырымдама шеңберіндегі тәсілдерді нақты түсіну және рөлдерді ажырату үшін келесі ұғымдар қолданылады

**Мемлекеттік деректер** – статистикалық органдар мен мемлекеттік сектор ұйымдарының ақпараттық ресурстарында, сондай-ақ мемлекеттік сектор органдары мен ұйымдарының өкілеттіктерін іске асыру мақсатында құрылған ақпараттық ресурстарда қамтылған деректер.

**Ұлттық тіркелім** – қолданыстағы ақпараттық жүйелер және (немесе) тиісті салалардың деректері негізінде қалыптастырылатын, субъектілердің және (немесе) объектілердің сипаттамаларының жүйеленген тізбесін қамтитын, деректер сапасының өлшемшарттарын қанағаттандыратын деректердің эталондық базасы.

**Деректерді басқару** – деректерді жинау, беру, сақтау, өңдеу, ұсыну, тарату және жою процестерінің жиынтығы, деректердің сапасын қамтамасыз ету және қайта пайдалануға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

**Деректерді басқару моделі** – деректер түрлері, сондай-ақ олар айқындайтын объектілер арасындағы, оның ішінде ведомствоаралық алмасу (өзара іс-қимыл) мақсатында байланыстардың сипаттамасын қоса алғанда, деректерді басқару мақсатында пайдаланылатын деректер сипаттамаларының, ұйымдастырушылық және технологиялық қағидалар мен стандарттардың жиынтығы.





03

# АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ



## Ағымдағы жағдайды талдау

Деректердің ұлттық экожүйесін дамытудың негізі ретінде мемлекеттік статистика жүйесін пайдалану ұсынылады, ол бүгінде заңнамалық мәртебеге ие және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін құрылымданған деректердің ауқымды көлемін жинақтауда.

Сонымен қатар Қазақстанда **ұлттық статистика жүйесінің дамуымен, оның деректердің толыққанды экожүйесіне трансформациялануын** жалпы халықаралық тәжірибедегідей **бірқатар жүйелі мәселелер** тежейді.



**ӘКІМШІЛІК АҚПАРАТ ДЕРЕККӨЗДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОЛАРДЫҢ САПАСЫЗ БОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕТКІЛІКСІЗ ПАЙДАЛАНУ**

Бюроға елде жүзеге асырылатын статистикалық қызметті үйлестіру ресми түрде жүктелген, алайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдардың (әкімшілік дереккөздердің) ведомстволық деректерін қалыптастыруға Бюро айтарлықтай әсер ете алмайды. Мәселе ведомстволарда деректердің бірыңғай тізілімі жоқ болуына, ұлттық жіктеуіштер мен бірыңғай анықтамалықтар қолданылмайтынына байланысты күрделене түседі.

Бюрода өкілеттіктердің болмауы және әкімшілік дереккөздердің жабық болуы, сондай-ақ деректерді бірыңғай орталықтандырылған басқарудың болмауы әкімшілік дереккөздерден деректерді толық көлемде алу, олардың сапасы мен халықаралық стандарттарға сәйкестігін тексеру мүмкіндігін шектейді.

Қазіргі уақытта әкімшілік дереккөздердің едәуір бөлігі мемлекеттік деректер базасында шоғырланған, олар **әртүрлі құрылымға және жетілудің әртүрлі деңгейіне** ие, бұл барлық осы дереккөздердің интеграциясын қиындатады. Осыған байланысты статистикалық есептілікті түбегейлі қысқарту және әкімшілік дереккөздерді пайдалануға көшу үшін деректердің **нысаналы архитектурасы** негізінде қолданыстағы және жаңа ақпараттық жүйелер **интеграциясына проактивті тәсіл** қажет.

Сонымен қатар ақпараттық жүйелердің иелері болып табылатын мемлекеттік органдар ведомстволық деректердің **сапасын арттыруға** және тиісінше оларды одан әрі таратуға **әрдайым мүдделі бола бермейді**. Мемлекеттік органдар жинақтайтын ақпарат іс жүзінде олардың ресми сайттарында жарияланбайды, бұл әкімшілік дереккөздердің сапасын тиісті түрде бақылауға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты ресми статистика стандарттарын барлық әкімшілік дереккөздерге қолданып, тиісті дата стюардтарға сапаны бақылау функциясын беру керек.





## АҚПАРАТТЫҢ БАЛАМА ДЕРЕККӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙНАЛЫМҒА ТОЛЫҚ ТАРТУ МҮМКІНДІГІНІҢ ЖОҚТЫҒЫ.

Бүгінгі таңда ақпараттық ресурстардың әрбір пайдаланушысы мемлекеттік және балама дереккөздерде жинақталатын цифрлық із қалдырады. Бұл деректер жалпыға қолжетімді немесе басқа жеке деректермен ұштаса отырып, заңдылықтарды анықтау, озыңқы көрсеткіштерді түзу, жаңа бизнес-модельдерді немесе өнімдерді әзірлеу, сондай-ақ қазақстандықтардың ортақ игілігі жолында шешімдер қабылдау үшін үлкен мүмкіндіктер ашады.

Сонымен қатар бұл деректерге қолжетімділік құпиялылық пен бәсекелестік ережелерінің болу себебінен, сондай-ақ ақпарат алу мен бөлісу шығындарының салдарына байланысты шектеулі.

Мемлекет баламалы дереккөздерді – транзакциялық белсенділік көрсеткіштерін (фискалдық органдар мен төлем жүйелері), мемлекеттік монополистердің деректерін (жүк тасымалдау, электр энергиясын тұтыну көлемі), мобильді операторлардың деректерін және нақты уақыт режимінде басқа да көрсеткіштерді пайдаланбай, қандай да бір өткір мәселелерге **жедел ден қою мүмкіндігін жіберіп алуда.**

Ресми статистикадан айырмашылығы, балама деректер тезірек және кез келген уақытта қалыптасады. Болашақта сапа расталғаннан соң және дереккөздерге тұрақты қол жеткізілгеннен кейін олар статистикалық есептіліктің едәуір бөлігін алмастыра алады.

Баламалы дереккөздер бүгінде **деректерді монетизациялау** мақсатында белсенді қолданылады, осылайша деректерден **экономикалық пайда** алады. Сонымен бірге деректерді монетизациялау бойынша жасалатын мәмілелер жабық сипатқа ие, бұл осы нарықта құпиялылық пен адал бәсекелестік ережелерінің сақталуына кепілдік бермейді.

Деректердің ұлттық экожүйесі деректер нарығындағы мәмілелер мемлекеттік институттардың араласуынсыз ашық сипатта болған жағдайда өзінің әлеуетін толық ашады.




## ДЕРЕКТЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫНЫҢ БОЛМАУЫ

**Деректерді басқару саясатының болмауы** көптеген жаңа заңнамалық талаптармен, сондай-ақ көптеген құрылымдалған және құрылымдалмаған дереккөздерден түсетін деректер көлемінің ұлғаюы нәтижесінде күрделеніп жатқан өзекті міндетке айналууда.



Деректердің ұлттық экожүйесін тиімді басқару үшін DAMA (Data Management Association Халықаралық деректерді басқару қауымдастығы) **деректерді басқарудың негіздемелік құрылымының анықтамаларына** сәйкес деректерді басқару бойынша білім салаларын ескеру қажет. Төменде 1-суретте деректерді басқарудың негіздемелік құрылымының **(DAMA дөңгелегі)** 10 функциясының әрқайсысы бойынша қазақстандық деректер экожүйесінің жетілуіне **сараптамалық баға** берілген.



1-сурет. Деректерді басқарудың негіздемелік құрылымы (DAMA International)

Деректердің ведомствоаралық стандарттарының, деректерді басқару саясатына қойылатын талаптардың болмауына байланысты жалпы мемлекеттік бастамаларды іске асыру немесе функционалдық үйлесімділікті, дәйектілікті және деректермен алмасуды қамтамасыз ету қиын. Осыған байланысты деректер мен ақпаратты басқару, деректерге қол жеткізу, деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қорғау, деректер сапасы, **деректер архитектурасы мәселелері деректерді басқару саясатының негізгі құрамдас бөліктері болып табылады.**





## ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУДЫҢ ЕСКІРГЕН ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ КӨП САТЫЛЫ ӨҢДЕУ ЖҮЙЕСІ

Ұлттық деректерді басқару жүйесін дамытудың маңызды проблемасы деректерді жинау мен өңдеудің **ескірген әдістері** болып табылады.

**2021 жылы статистикалық есептіліктің 80%-дан** астамын респонденттер **электронды түрде** ұсынғанына қарамастан, есептілікті ұсынудың дәстүрлі қағаз арналары сақталуда. Есептіліктің электрондық және қағаз форматтарын бір мезгілде ұстану **сапа мен сенімділікті айтарлықтай төмендетеді**, деректерді жинау және өңдеу **мерзімдерін** арттырады, сондай-ақ бюджет қаражатының **елеулі қосымша шығыстарына әкеледі**.

Статистикалық есептілікті жинаудың қазіргі уақытта қолданылатын дәстүрлі тәсілі респонденттердің есеп беру нысандарын қолмен толтыруын көздейді, бұл қателердің пайда болуына әкеледі және дәйексіз ақпаратты енгізу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Сонымен қатар деректерді жинау мен өңдеудің көп деңгейлі жүйесі статистикалық есептілікті өңдеу мерзімдерінің ұлғаюына және қателер санының артуына, нәтижесінде қалыптастырылатын статистикалық ақпараттың сапасы мен өзектілігінің төмендеуіне әкеледі.



2-сурет. Деректерді жинау және өңдеудің көп сатылы схемасы



Осындай жағдай өз мақсаттары үшін ведомстволық есептілікті қалыптастыратын басқа мемлекеттік органдар мен мекемелерде де байқалады. Қағаз есептіліктің ең көп үлесі жергілікті атқарушы органдарға тиесілі. Бұл **сақталатын деректердің көп болуына**, деректерге қатысты **әртүрлі форматтар мен технологияларды қолдануға әкеледі**. Нәтижесінде деректерді байланыстырудың жоғары құны (немесе мүмкін еместігі) қалыптасады, сонымен қатар қандай ақпарат бар екендігі туралы шолу жоқ.



### ЕСЕПТІЛІКТІҢ ҚАЙТАЛАНУЫ

Статистикалық байқаулармен қатар, мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген өкілеттіктерді орындау мақсатында ақпарат жинау жөніндегі өкілеттіктерді іске асыра отырып, есептіліктің **қосымша ведомстволық нысандарын енгізеді**.

Ведомстволық, өңірлік есептіліктің қосымша нысандарын енгізудің негізгі себебі ресми статистикалық есеп субъектілеріне ресми статистикалық ақпаратты қалыптастырумен байланысты емес өзге мақсаттарда пайдалану үшін алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға заңнамамен белгіленген тыйым салу болып табылады.

Қазақстан статистикалық және салықтық **есептілікті жинау іс жүзінде үйлестірілмеген** санаулы елдердің бірі болып қалуда. Мысалы, кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қалуда статистикалық нысандар мазмұны бойынша ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне ұсынылатын салық декларацияларымен бірдей. Бұл ретте, Бюроның салық органдарының ақпараттық жүйелеріне **интеграциясының болмауы** қазіргі уақытта статистикалық есептілікті жоюға мүмкіндік бермейді.

Бұл жағдайда деректерді тиімді басқарудың «**тек бір рет**» принципі жұмыс істемейді. Қолданыстағы деректерді пайдалану тиімді басқарылуы керек, егер респонденттен қажетті деректерді жинап алған мемлекеттік орган болса, қайталанатын деректерді жинауға жол берілмеуі тиіс.

Статистикалық және салықтық есептіліктің сәйкес келмеуі, сондай-ақ әкімшілік дереккөздерге толық көлемде қолжетімділіктің болмауы **қайталанатын есептілікті болдырмау және тиісінше бизнеске жүктемені төмендетуге кедергі болып табылады**.





## ПАЙДАЛАНУШЫЛАР СЕНІМІНІҢ ТӨМЕН ДЕҢГЕЙІ

Ведомствоаралық коммуникациялық саясаттың, әртүрлі дереккөздерден алынған деректердің толық әдіснамалық өзара үйлесімділігі мен үйлестігінің болмауы, сондай-ақ әкімшілік дереккөздердің жабық болуы **ресми статистикаға деген сенімді айтарлықтай төмендетеді.**

Әртүрлі сипаттағы статистикалық зерттеулер әртүрлі тәсілдерге, жіктелімдерге және әдіснамаға сүйенуі мүмкін, сондықтан олар пайдаланушыға толықтай байланыстырылған ақпарат бере алмайды. Пайдаланушылар бірдей шаманың екі түрлі өлшемі әртүрлі мәндермен жарияланатынына тап болған жағдайлар сирек емес. Метадеректер мен деректер сапасын бағалау туралы әрдайым жеткілікті ақпарат бола бермейді, пәндік салалар арасында салыстырмалылық жоқ.

2020 жылы халық тарапынан Covid-19 салдарынан болған өлім-жітім туралы жарияланған деректерге **ерекше сенімсіздік туындады.** Бюро және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қалыптастырған сырқаттанушылық пен өлім-жітім көрсеткіштері бойынша деректерді талдау кезінде бірқатар **сәйкессіздіктер мен деректердің елеулі айырмашылықтары анықталды.** Деректер алшақтығының себебі статистикалық және ведомстволық ақпаратты қалыптастырудағы әртүрлі тәсіл және медицина ұйымдары арасында бірыңғай ақпараттық жүйенің болмауында.

Сонымен, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қайтыс болған науқаста ПТР-тест оң болған жағдайда ғана оған Covid-19 себеп болды деп есептеді. Егер талдау жүргізілмеген болса, онда басқа диагноз қойылды немесе өлімнің себебі белгісіз болды. Сонымен қатар пневмония мен ковид жағдайлары негізсіз бөлінді. Бұл алдыңғы қатарлы елдердегі тәсілден айтарлықтай ерекшеленді.

Статистикаға және жалпы мемлекеттік органдар ұсынатын ақпаратқа деген **сенімділікті** қамтамасыз ету үшін әдіснама мен саясат **транспарентті, құжатталған және жалпыға бірдей қолжетімділік пен дұрыс түсіндіру үшін жариялануы керек.**





## ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТІҢ ТӨМЕН ДЕҢГЕЙІ

Қалыптастырылатын статистиканың сапасын үнемі жақсарту үшін бүкіл мемлекеттік аппаратта **деректермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту қажет.**


Бүгінгі таңда Бюро қызметкерлері негізінен экономикалық білімі бар және **бизнес-аналитикадақұзыреті шектеулі статистиктер** болып табылады. Іс жүзінде бағдарламалау және деректерді басқару құзыреті бар мамандар жоқ. Осыған байланысты жарияланатын статистикалық ақпаратта нақты уақыт режимінде уақтылы және алдын алатын шешімдер үшін қажетті өзара байланысты көрсеткіштердің терең талдауы, айқаспалы аналитикасы жоқ.

2022 жылғы тамызда Бюро қызметкерлерінің өзін-өзі бағалауы негізінде жүргізілген ішкі талдау (gar-analysis) құзыреттерді дамытудың ағымдағы деңгейінің бірқатар проблемаларын анықтады. Сауалнамаға **Бюроның 2 221 қызметкері** қатысты. Сауалнамаға қатысқан мамандардың **63%-дан** астамы белгілі бір білім саласында өз дағдыларын кеңейтуді, атап айтқанда заманауи **BI-құралдармен жұмыс істеу дағдыларын, бағдарламалауды**, сондай-ақ қажетті **бизнес-аналитика дағдыларын** игеруді қалайтыны белгілі болды.

### ТӨМЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК



### ЖОҒАРЫ ҚАЖЕТТІЛІК



3-сурет. Бюро қызметкерлерінің gar-analysis көрсеткіші



Басқа мемлекеттік органдарда да осындай жағдай қалыптасқанын атап өткен жөн, деректермен жұмыс істеу дағдылары бар мамандардың айтарлықтай жетіспеушілігі байқалады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерде шешім қабылдау кезінде ресми статистикалық ақпаратты дұрыс пайдалану үшін қажетті, **статистика саласында базалық білімдері жоқ.**

Сауалнамаға 30 ОМО және 20 ЖАО қатысты. Сауалнамаға қатысқан мемлекеттік қызметшілердің **63,8%-ы статистикалық сауаттылық және деректермен жұмыс бойынша** оқытудан өтуге мүдделі екені анықталды.

### ТӨМЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК



### ЖОҒАРЫ ҚАЖЕТТІЛІК



### 4-сурет. Мемлекеттік қызметшілердің gap-analysis көрсеткіші

Осылайша, аталған мәселелердің барлығы **деректердің ұлттық экожүйесін дамытуды** қиындатады және ұсынылған Тұжырымдама шеңберінде шешуді талап етеді.





04

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ




## Халықаралық тәжірибеге шолу

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ұлттық статистика жүйесі Дүниежүзілік Банктің<sup>[1]</sup> статистикалық тиімділікті бағалау шеңберінде әлемдік рейтингтің **ТОП-50-ге** кіріп, **100-ден 78,6 балл** жинады. Ресми статистиканың құқықтық негізі мен мандаты, қалыптастырылатын ақпараттың сапасы мен қорғалуының жеткілікті жоғары деңгейі, халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес әдіснаманы қолдану – оң тұстар ретінде атап көрсетілді.

Қазақстанның ұлттық статистика жүйесін елеулі жаңғырту 2012-2017 жылдары «ҚАЗСТАТ» жобасы шеңберінде Дүниежүзілік банкпен бірлесіп жүргізілді.

Дүниежүзілік Банктің сарапшылар тобының пікірінше, келесі маңызды қадам – **ұлттық статистика басқармасына (ҰСБ) негізгі рөлдердің бірі** берілетін, **деректердің интеграцияланған ұлттық жүйесін** (деректер экожүйесін) құру болады.




5-сурет. 174 ел үшін (SPI) тиімділіктің статистикалық көрсеткіштері

Деректердің интеграцияланған ұлттық жүйесін құру – мемлекеттік басқарудағы Data-Driven-тәсілін іс жүзінде іске асырудың заманауи қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін өзекті міндет. Өз кезегінде, **деректерді басқарудың тиімді моделі** басқару процестерінің сапасын едәуір арттырады.

DAMA халықаралық қауымдастығы деректерді басқарушы рөлінің кімге бекітілгеніне байланысты **деректерді басқару модельдерінің үш типін** анықтайды: **орталықтандырылған, үлестірілген және гибриді модельдер.**

[1] <https://www.worldbank.org/en/programs/statistical-performance-indicators>





6-сурет. Деректерді басқару модельдері

ЭЫДҰ-ның Цифрлық үкімет индексі бойынша 2020 жылғы<sup>[1]</sup> есебіне сәйкес «елдердің **тек 12%-ында** деректерге қатысты **бірыңғай арнайы саясаты** (немесе стратегиясы) бар, ал **82%-ы** деректерді одан кеңірек саясат (мысалы, цифрлық үкімет немесе ашық деректер) шеңберінде енгізеді».

Сонымен қатар көптеген ел (АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Германия, Жаңа Зеландия) деректерге қол жеткізуден бастап деректермен алмасуға және пайдалану этикасына дейінгі әртүрлі аспектілерді біртұтас саяси құрал шеңберінде біріктіру үшін деректерге қатысты **ұлттық стратегияларын әзірледі**.

[1] <https://www.oecd.org/gov/digital-government-index-4de9f5bb-en.htm>



Халықаралық тәжірибеде деректерді басқарудың әртүрлі модельдерін енгізудің бірнеше тәсілдері бар. Төменде **ұлттық деңгейде** деректерді басқаруды **белсенді** түрде **енгізетін** елдердің тәжірибесі келтірілген.

Елдің атауы	Басқару моделі	Деректердің иесі	Үйлестіруші	ҰСБ рөлі
 Литва	Орталықтандырылған	МО	ҰСБ	Жетекші рөл
 Ұлыбритания, Жаңа Зеландия	Үлестірілген	МО+ Ақпараттық топ	ҰСБ (Chief Government Data Steward)	Жетекші рөл
 Австралия	Үлестірілген	МО	Клиенттерге қызмет көрсету департаменті	Деректер жоқ
 Канада	Үлестірілген	МО	ҰСБ Деректердің директоры (CDO)	Деректер жоқ
 Ресей	Үлестірілген	МО	ҰСБ	Жетекші рөл
 Финляндия	Гибридті	МО + Ақпаратты басқару кеңесі	Деректерді басқару саласындағы білімге сарапшы	Деректерді басқару кеңесіне мүшелік
 Мексика	Гибридті	МО	Деректерді басқару саласындағы білімге сарапшы	Жетекші рөл
 Эстония	Гибридті	МО	ҰСБ	Жетекші рөл

### 7-сурет. Деректерді басқару модельдерін салыстыру

**Литва Республикасы** деректерді басқарудың **орталықтандырылған** моделін таңдады, барлық мемлекеттік дерек бір қолда – Ұлттық деректер агенттігінде (бұрынғы Статистика департаменті) жиналады. Орталықтандырылған модельге көшу деректерді басқару тәсілдерін айтарлықтай өзгертуге, сапалы деректерді жинау және пайдалану үшін қосымша құралдар жасауға мүмкіндік берді.

Ұлттық агенттікке трансформациялау ҰСБ-ға жаңа міндеттерді шешуге және әртүрлі мемлекеттік мекемелердің деректерін бір қолда біріктіретін деректерді басқару бойынша тиімді мемлекеттік органға айналуға мүмкіндік берді. Мұндай өзгеріс деректерді басқарудың біріздендірілген тәсілін қамтамасыз етеді, жиналатын деректердің қайталануын болдырмайды және сапаны бақылаудың пайдаланылатын құралдары пайдаланушылардың жарияланатын ақпаратқа деген сенімін айтарлықтай арттырады, сондай-ақ дұрыс саяси шешімдер қабылдауға зор мүмкіндіктер жасайды.



Литва Республикасының ресми статистика және мемлекеттік деректерді басқару туралы Заңына 2022 жылы қабылданған түзетулер мемлекеттік деректерді басқаруға және оларды өңдеуді реттеуге жаңа тәсілді белгілейді, деректерді ұсынатын мекемелерге әкімшілік жүктемені төмендетеді, мемлекеттік секторда жиналған деректердің икемді пайдаланылуын, сондай-ақ мемлекеттік деректер жүйелері арасында деректермен жылдам алмасуды қамтамасыз етеді. Заң сонымен қатар деректерді берушілер – респонденттердің міндеттерін, статистикалық деректерді ұсыну тәсілдерін анықтайды, жеке компаниялар жинайтын ауқымды деректер арқылы дереккөздердің көлемін кеңейтеді.

**Ұлыбритания, Жаңа Зеландия, Австралия** жеке топ құрып, деректерді басқарудың үлестірілген моделін қолдана отырып, деректерді басқаруды жүзеге асырады, оның бірқатар артықшылықтары бар, сонымен қатар деректерді басқарудың жүйелік тәсілдері тұрғысынан кейбір шектеулер бар.

**Мексика, Финляндия және Эстония** өз елдері үшін деректерді басқарудың **гибридті** моделін таңдады, ол статистикалық ақпаратты түзу үшін жүргізілетін зерттеулердің және санақтардың, сондай-ақ әкімшілік жазбаларды және басқа дереккөздерді пайдалану негізінде алынған статистикалық деректердің өндірістік циклін тікелей бақылайды.

Жаңа Зеландия, Финляндия, Австралия, Мексика, Эстония сияқты елдер институционалдық құрылымдар мен көшбасшылық рөлдерге қатысты бүкіл үкімет үшін деректер бойынша бас дата стюардтың нақты лауазымдарын анықтауды жөн көрді, ал басқалары Деректер кеңестері сияқты органдар құруды жөн көрді, онда деректер басшылары институционалдық деңгейде басымдықтарды талқылайды және оларды үйлестірілген түрде іске асыру туралы келіседі.

Ақпаратты ұсынатын немесе ұлттық мүддені білдіретін статистикалық деректерді жинайтын әрбір мекемеде үйлестіруші болады, ол деректерді басқару жөніндегі уәкіл анықтаған саясат пен стандарттарды іске асыруға жауапты. ҰСБ атынан әрекет жасайтын үйлестіруші статистикалық ақпаратты дайындау кезінде деректерді алу үшін басқа мемлекеттік органдар ұстануға тиісті әдіснаманы, талаптарды және стандарттарды әзірлейді.

Сонымен, **Жаңа Зеландияға** деректерді актив ретінде іске асыруға көмектесу үшін күшті жүйелік басшылық қажет екенін мойындай отырып, Жаңа Зеландияда Үкімет деректерінің бас басқарушысы (GCDS) лауазымы құрылды. Мемлекеттік қызметтер жөніндегі комиссар бұл рөлге Жаңа Зеландия Статистика басқармасының (Stats NZ) басшысын тағайындады.

GCDS рөлімен бірге Stats NZ деректерге қатысты мүмкіндіктер мен мәселелерге біріктірілген тәсілге ықпал етумен және қамтамасыз етумен Жаңа Зеландия үкіметінің деректер жүйесі шеңберінде деректер бойынша жетекші агенттік ретінде әрекет етеді. Бұл тұрғыда Stats NZ GCDS-пен бірге жаңа зеландиялықтардың сенімін сақтай отырып,



олардың деректерінің әлеуетін барынша арттыру және олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін агенттіктерді қолдауға тырысады.

Цифрлық үкімет көшбасшыларының тобын (DGLG) бас үкіметтік деректерді басқарушы және цифрлық технологиялар бойынша бас үкіметтік қызметкер басқарады.

2022 жылғы қыркүйекте статистика саласындағы заңнаманы шолу және жаңа деректерге қатысты жоғары деңгейдегі ұсыныстар бойынша жұртшылықпен кеңесу негізінде дайындалған «Деректер және статистика туралы заң» күшіне енді.

**Мексикада** Ұлттық статистика және география институты (INEGI) федералды үкіметке толықтай тәуелсіз автономды орган болып табылады. INEGI ұлттық ақпараттық жүйеде екі жақты рөл атқарады: ресми ақпаратты тікелей түзуші ретінде және әртүрлі мемлекеттік мекемелерде ресми статистика түзудің нормалары мен стандарттарын белгілейтін үйлестіруші ретінде.

**Канада Үкіметі** инновацияға және «көлденеңдікті» арттыруға басымдық береді. Елде Деректерді басқару жөніндегі директор лауазымы құрылды, ол деректер мен ақпаратты басқаруға жалпы басшылықты қамтамасыз етуге, әкімшілік шеңберлер мен басқару және сапа стандарттарын әзірлеуге жауапты.

Мемлекеттік деректердің жаңа экожүйесі және деректерді басқарудың дұрыс құрылған моделі шешілетін тапсырмаға сәйкес әртүрлі тіркелімдер мен ақпараттық жүйелерде жиналған деректерді жылдам жинауға, біріктіруге және визуализациялауға мүмкіндік береді.

Осылайша, барлық дерлік елде деректерді басқару саясаты үйлестірушісінің негізгі рөлі дербес деректерге заңнамалық тұрғыдан қолжетімділігі, деректермен жұмыс істеуде тиісті өкілеттіктері мен дағдылары бар ҰСБ-ға жүктелген.

Қазақстан контекстінде статистикалық қызметтің тәжірибесі және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның қолданыстағы өкілеттіктері Бюроны деректерді басқару саясаты саласындағы негізгі ойыншы ретінде анықтай алады.





05

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ



## Қазақстандағы деректерді басқару моделі

Деректерді басқарудың үш моделін енгізудің ұсынылған халықаралық тәжірибесі негізінде, сондай-ақ Ұлттық статистикалық жүйенің ағымдағы жай-күйін және Қазақстанда мемлекеттік ақпараттық жүйелерді дамытуды ескере отырып, **деректерді басқарудың гибриді моделі** ұсынылады.

Гибриді модель – бұл **орталықтандырылған бақылаудан және үлестірілген басқарудан** тұратын деректерді басқару моделінің бір түрі. Басқаша айтқанда, гибриді модельде басқару стратегиясы орталықтандырылған, ал іске асыру орталықтандырылмаған, бұл орталықтандырылған және үлестірілген модельдің артықшылықтарын шоғырландыруға, бұл ретте олардың жеке кемшіліктерін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық жүйелердің жетілу деңгейі әртүрлі экожүйе үшін гибриді модель жалпымемлекеттік тәсіл үшін ең қолайлы нұсқа болып табылады.

Стандарттар мен жалпы деректерге қатысты шешімдер қабылдау орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады. Процестерді, стандарттарды, нұсқаулықтар мен жүйелерді әдетте негізгі топ, мақсатты топ немесе кеңес белгілейді, ал жеке мүшелер оларды жергілікті деңгейде қолдануға жауапты.

Модель әртүрлі ұйымдардың жалпы деректер үлгісін қабылдауын қамтуы мүмкін, сонымен қатар белгілі бір саладағы деректер мәселесіне жауап ретінде қызмет ету үшін бүкіл экожүйеге (ведомствоаралық) жалпы тәсілді қабылдауы мүмкін.

### **Гибриді модельдің негізгі артықшылықтары:**

- Мемлекеттік органдар өз деректері үшін жауапты болады.
- Ол жеке мүшелер деңгейінде стандарттарды, саясаттарды және процедураларды әзірлеу үшін дербестікті ұсынады, алайда функционалдық үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін олардың деректермен алмасудың жалпымемлекеттік моделіне сәйкес келуін талап етеді.
- Проблемаларды шешу «төменнен жоғары» принципі бойынша жүзеге асырылады (мәселені шешу үшін нақты жауапкершілік пен процесс болуы тиіс).

Гибриді модель принципі деректерді қайта пайдалану үшін қажетті нормаларды (заңдар, әкімшілік ережелер) белгілеуді талап етеді. Гибриді модельді қабылдау әр жағдайда ресурстарды алу үшін келіссөздердің көбеюін болдырмау үшін заңнамалық өзгерістерді қажет етуі мүмкін. Бұған институционалдық механизмдерді құру және осы модельдің жұмыс істеуі үшін қажетті рөлдерді нақтылау кіреді.

Бұл модель қабылданған жағдайда, жалпымемлекеттік деңгейде деректер басқарушысы қажет болады.



Деректерге басшылық ету ақпараттық активтерді басқаруға қатысты басшылық және бақылау өкілеттіктерін (жоспарлау, мониторинг және орындалуын қамтамасыз ету) жүзеге асыру жөніндегі қызмет ретінде айқындалады.

Статистикалық қызметтің тәжірибесі және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның қолданыстағы өкілеттіктері Бюроны деректерді басқару саясаты саласындағы негізгі ойыншы ретінде анықтай алады.

Бүгінде Бюро–ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыруда айтарлықтай тәжірибесі бар, деректер этикасы саласында сараптамалық білімі, деректерге қатысты жоғары жетілуі, дербес деректер мен ресурстарға заңнамалық қолжетімділігі **бар жалғыз мемлекеттік орган**. Бюро сапаны қамтамасыз етудің және деректерді қорғаудың заманауи әдістеріне ие.

Осылайша, статистикалық деректер мен көрсеткіштерді өндірудегі, деректерді басқарудағы, оларға қол жеткізудегі және оларды мемлекеттік секторда бөлісу тәжірибесіндегі үлкен тәжірибені ескере отырып, Бюро тұлғасындағы ұлттық статистикалық жүйе деректер экожүйесінде басқарушы болуы керек.

**Деректерді басқару үйлестірушісінің рөлі** маңызды және деректерді басқару саясатын анықтау мен үйлестіру болып табылады. Мемлекеттік деректер қоғамдық игілік ретінде орналастырылуы және, сәйкесінше, Бюро деректерді басқару саясатына көзқарастарды қайта құруы керек.

Деректерді басқару үйлестірушісі деректердің қай жерде екендігі, қайдан шыққандығы, нені білдіретіні, оны кім қолданатыны және оны қалай беруге болатындығы туралы толық ақпаратқа ие.

Деректерді басқару үйлестірушісінің негізгі міндеті мемлекеттік деректердің сапасын қамтамасыз ету үшін бірыңғай әдіснаманы, талаптар мен стандарттарды пайдалануды қамтамасыз ететін ведомствоаралық үйлестіру жұмыстарын құру.

Деректерді басқару үйлестірушісі қажеттіліктерге талдау жүргізу арқылы деректерге сұраныстың мониторингін жүзеге асырады.

**IT басқаруды үйлестірушісінің рөлі** IT басқару саясатын, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік бөлігін анықтау және үйлестіру болып табылады.

IT деректерді басқару жөніндегі үйлестірушісінің жауапкершілік аймағында цифрландыруға байланысты процестер бар. Оның назары цифрлық шешімдерді енгізу арқылы процестерді жаңарту, соның ішінде нақты деректермен жұмыс істеу және деректерді басқару бойынша білім салаларына стратегиялық көзқарас болып табылады.

IT басқару үйлестірушісінің негізгі міндеті – ұйым қызметкерлерінің қажетті деректерге



жылдам және қауіпсіз қол жеткізуін қамтамасыз ететін процестерді құру және бағдарламалық шешімдерді енгізу.

IT басқармасының үйлестірушісі – Қазақстан Республикасындағы ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган.

**Қауіпсіздікті қамтамасыз етуді үйлестірушінің рөлі** таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты немесе мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, нормативтік құқықтық актілермен шектелген деректердің тарап кетуін болғызбау.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үйлестірушісі – Қазақстан Республикасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган.

**Деректер иелері** – пәндік саладағы деректер туралы шешім қабылдайтын және деректердің сапасын қамтамасыз ете отырып, олардың сақталуына жауап беретін мемлекеттік немесе балама ақпарат көздерінің иелері.

Деректерді басқару саласындағы рөлдерді функционалды және жеке деңгейде анықтауға болады. Бұл ретте, рөлдердің атаулары, олардың салыстырмалы маңыздылығы мен қажеттілігі әртүрлі болуы мүмкін.

Мемлекеттік деңгейде деректердің ұлттық экожүйесін дамыту кезінде **негізгі рөлдердің үйлестірілген өзара іс-қимылы** қажет.



8-сурет. Мемлекеттік деректер экожүйесінің қатысушыларының өзара іс-қимыл архитектурасы



**Дата стюард** – ұлттық тіркелімнің деректерді басқару жүйесін үйлестіруді қамтамасыз ететін және ұлттық тіркелімдер тізбесі шеңберінде ҚР Үкіметі айқындайтын ақпараттық жүйелерге қол жеткізе алатын қызметкер [1]. Дата стюардтың жауапкершілігіне деректерді қадағалау мен бақылау, сондай-ақ олардың сапасын қамтамасыз ету кіреді.

**Дата архитектор** – деректерді жинау, сақтау және жүктеу архитектурасын әзірлейтін қызметкер, ол деректер көзін анықтайды, деректерді басқару саясатына қойылатын талаптарды белгілейді.

**Цифрлық офицер** – цифрлық трансформацияға жауапты, цифрландыру стратегиясын анықтайтын, мемлекеттік цифрлық платформалармен және жобалармен үйлестіруді қамтамасыз ететін менеджер.

[1] Дата стюардтар үнемі қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органдарға емес, ұлттық тіркелімдерге бекітіледі. "Мақсаттар мен міндеттер" бөлімінде ұлттық тіркелімдер туралы толығырақ баяндалған





# 06

## НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕР



## Негізгі принциптер

Қазіргі уақытта Қазақстанның ұлттық статистикалық жүйесі **Біріккен Ұлттар Ұйымы**[1] қабылдаған **ресми статистиканың негізгі принциптеріне** сүйенеді. Сонымен қатар деректердің ұлттық экожүйесін дамыту мақсатында **DMBOK деректерін басқару принциптерін**[2] де ескеру қажет.

Осы екі қарама-қайшы емес жүйенің негізінде деректерді актив ретінде танитын келесі 5 принцип қалыптасады: **өзектілік, құпиялылық, «тек бір рет» ережесі, инклюзивтілік және объективті сұраныс.**

### Өзектілік

Ақпараттың өзектілігі (уақыттылығы) – ақпараттың ағымдағы уақытқа сәйкестік дәрежесі. Ақпараттың өзектілігі адам немесе қоғам үшін бұл мәліметтердің қаншалықты уақыттылы және маңызды екендігімен, оларды белгілі бір жағдайда проблемаларды шешу немесе шешім қабылдау үшін пайдалануға болатындығымен анықталады.

### Құпиялылық

Мемлекеттік органдар жинаған дербес деректер, олар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты болса да, қатаң құпия сипатта болуға және тек заңнамада белгіленген мақсаттарда ғана пайдаланылуға тиіс.

### «Тек бір рет»

Қолданыстағы деректерді пайдалану тиімді басқарылуы керек, егер қажетті деректерді жинаған мемлекеттік орган болса, қосымша деректер жиналмауы керек. Бұл принцип функционалдық үйлесімділікке ықпал ететін жалпы ережелер мен стандарттарды белгілеуге ынталандыруды қамтамасыз етеді.

### Инклюзивтілік

Деректер экожүйесі азаматтардың жалпыға қолжетімді ақпаратқа құқығын іске асыру мүддесінде деректерге бейтарап негізде тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс. Деректерді пайдалану, өз кезегінде, экожүйеге қатысушыларға құндылықтың әділ үлесін әкелуі керек.

### Объективті сұраныс

Деректерге деген объективті сұраныс–бұл пайдаланушыларға олардың қажеттілігінің дәрежесін және сәйкесінше оларды пайдаланудан алынатын құндылықты сапалы бағалау. Деректерді қайта пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, олардың мәні оларды пайдалану мөлшеріне тікелей пропорционалды. Белгілі бір деректер жиынтығының пайдаланушылары неғұрлым көп болса, соғұрлым оның мәні артады.

### Деректерді басқарудың негізгі принциптері

[1] <https://unstats.un.org/fpos/>

[2] <https://www.dama.org/cpages/body-of-knowledge>





07

# МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ



## Мақсаттары мен міндеттері

Бұл Тұжырымдаманың **басты мақсаты** алдыңғы бөлімде аталған принциптер негізінде **деректердің ұлттық экожүйесінің әлеуетін ашу** болып табылады.

Мақсаттарға қол жеткізу келесі міндеттерді іске асыру есебінен жүзеге асырылатын болады:

### 1-МІНДЕТ.

#### НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

Деректерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік деректерді басқару саласындағы **құқықтық негіз**, қол жеткізу талаптарын заңнамалық регламенттеу, ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимыл тәртібі, мемлекеттік деректер моделін құру қағидалары, эталондық деректерді айқындау, мемлекеттік деректерді басқару жөніндегі бірыңғай талаптарға сәйкес келтіру қажет. Бұл бастамалар «Мемлекеттік статистика және деректер туралы» Заң жобасында көрсетіледі.

Бұдан басқа, деректердің сапасы мен дұрыстығын қамтамасыз ету үшін Ұлттық статистикалық жүйе мен барлық мемлекеттік органдарды **әдіснамалық «қайта іске қосу»** қажет.

Қазіргі уақытта Бюро құрылымында статистикалық қызметті әдіснамалық сүйемелдеу сапасын қамтамасыз ету үшін Сараптамалық кеңес, әдіснамалық үйлестіру және талдау басқармасы құрылды. Әдіснамалық тәсілдерді біріздендіру және ведомстволар арасындағы әдіснамалық сәйкессіздікті еңсеру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бұл міндетті іске асырудың маңызды элементі – **2023 жылдың басында БҰҰ ЕЭК** тарапынан қазақстандық статистикалық жүйеге Жаһандық бағалау жүргізу. Қосымша 3 жыл ішінде (2023-2025 жылдар) ЭЫДҰ «Статистика және статистикалық саясат комитетінің мүшесі» мәртебесін одан әрі ала отырып, **ЭЫДҰ терең шолу** жүргізеді.

Әдіснаманы «қайта іске қосу» Бюро ішкі трансформациясының бірінші кезеңі болады және ресми статистикаға деген сенімнің артуына ықпал етеді.



## 2-МІНДЕТ.

### МЕМЛЕКЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ ТІРКЕЛІМДЕРІ НЕГІЗІНДЕ ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ БАЛАМАЛЫ ДЕРЕККӨЗДЕРДІ БЕЛСЕНДІ ПАЙДАЛАНУ

Бұл міндет мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін жаңғыртуды, сондай-ақ Бюроның есептеу қуаттарын кеңейтуді, деректерді жинау мен өңдеудің барлық ішкі процестерін барынша автоматтандыруды, мемлекеттік аппараттың IT-архитектурасын түбегейлі өзгертуді және деректерді басқарудың халықаралық стандарттарына (DAMA) сәйкес деректерді басқарудағы тәсілдерді талап етеді.

Әртүрлі дереккөздер арасындағы синергия әсерін жүзеге асыру үшін әкімшілік және балама деректерді толық пайдалануға деректерді басқарудың бірыңғай саясаты және жаңа мақсатты деректер архитектурасы қажет болады. Олар деректерді басқарудың бірыңғай тәсілін әзірлеуге және оларды өңдеу мен талдау әдістерін біріздендіруге мүмкіндік береді.

Бұл ретте, осы әкімшілік дереккөздердің сапасын арттыру мақсатында елдің экономикасы мен тіршілігін қамтамасыз етудің барлық салалары бойынша **орталықтандырылған ұлттық тіркелімдер** құру қажет.

Ұлттық тіркелімдер тек тазартылған, яғни форматтық-логикалық және камералдық бақылаулардан өткен деректерді сақтайтын, осылайша деректердің сапасы мен сенімділігі мәселесін шешетін эталондық базалар болады.

Ұлттық тіркелімдер мемлекеттік қызметтер үшін базаға, сондай-ақ сенімді деректердің жалғыз көзі ретінде мемлекеттік органдар, бизнес-құрылымдар мен жеке тұлғалар арасындағы өзара іс-қимыл интерфейсіне айналады. Осылайша, әртүрлі ведомстволардың мемлекеттік деректер базасындағы деректерді қайталау мәселесі шешіледі, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың көптеген әкімшілік рәсімдері алып тасталады, бұл мемлекеттік аппаратты негізгі бюрократиядан арылту болады.

Ұлттық тіркелімдер белгілі бір жүйелілікпен алдын ала келісілген формат бойынша сенімді деректерді жинау арқылы **цифрлық статистикалық тіркелімдерді** қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл **респонденттерге жүктемені айтарлықтай төмендетеді және статистикалық өндірістің дәлдігін арттырады.**

Қазіргі уақытта Бюро ЦДИАӨМ-мен бірлесіп **«Цифрлық статистикалық тіркелімдерге көшу»** жобасына кірісті. Ол статистиканың барлық қолданыстағы көрсеткіштерін қайта қарауды, мемлекеттік органдардың қолданыстағы деректер базалары мен есептілік нысандарын талдауды, сондай-ақ әкімшілік деректер негізінде толтырылатын толық цифрлық статистикалық тіркелімдерді қалыптастыруды көздейді. Жоба сондай-ақ



ресми статистикада және қолданыстағы мемлекеттік деректер базасында бар деректерді салыстыруға және мемлекеттік органдармен бірлесіп деректердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

## 3-МІНДЕТ.

### МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ТАЛДАМАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН НЫҒАЙТУ

**Талдамалық әлеуетті нығайту** және терең бизнес-аналитиканы жүргізу үшін көрсеткіштер кітапханасын қалыптастыру және визуализацияны стандарттау, бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша өкілеттіктерді қалыптастыру, **деректермен жұмыс істеу сауаттылығын арттыру бойынша құзыреттер орталығын** құру кіретін аналитикалық мәдениетті қалыптастыру қажет.

Бұдан басқа, стратегияға, мәдениетке, этикаға, рөлдер мен жағдайларға, сондай-ақ тиімді деректер экожүйесін қолдай алатын адамдардың мүмкіндіктеріне ұзақ мерзімді бағытталған мемлекеттік саясат қажет.

Персоналды іріктеудің қолданыстағы жүйесі ұлттық статистикалық жүйенің арнайы қажеттіліктерін қанағаттандыру және деректердің экожүйесін дамыту үшін қаншалықты тиімді екендігіне бағалау жүргізу, соның негізінде персоналды толықтыру процесін қажеттіліктерге бейімдеу бойынша одан әрі шаралар қабылдау қажет.

Осы тұрғыда Бюро деректермен жұмыс істеу бойынша мемлекеттік қызметшілердің **сауаттылығын арттыруға** бағытталған **Data Literacy** бастамасын іске асыруды бастады. Қызметкерлерді аналитикалық құралдармен жабдықтау жеткіліксіз, оларды деректермен жұмыс істеуге, ақпаратты талдауға және одан қорытынды жасауға үйрету керек.

Парадигманы **Data driven decision making-ке** қарай жылжыту (іс жүзінде **decision driven data making-тен**) пайдаланушыларды алынған нәтижелерге сыни көзқараспен қарауға, сондай-ақ деректерге негізделген шешімдерді негіздеуге үйретуді талап етеді.

Data Literacy бағдарламасымен жаппай қамту үшін Бюро **оқыту платформасында** орналастырылатын және болашақта **барлық мемлекеттік қызметшілер үшін міндетті** болатын бақылау тапсырмалары бар **онлайн оқыту сабақтарының сериясын** қалыптастырып жатыр.

Бұған қоса, 2022 жылдың соңына дейін **Азия Даму Банкімен бірлесіп, Білім және тәжірибе алмасу бағдарламасы** шеңберінде Бюро қызметкерлерін BI-құралдарды қоса алғанда, неғұрлым жетілдірілген бизнес-аналитика құралдарына және Python негізіндегі data science-ке оқыту басталады.



2023 жылға Бюроның негізгі қызметкерлерін DAMA стандарттарына оқыту және **Certified Data Management Professional CDMP сертификаттаудан** өткізу жоспарлануда.

Осылайша, Бюро базасында **құзыреттер орталығы** құрылатын болады, ол жаңартылатын негізде мемлекеттік органдардың қызметкерлерін өз күштерімен одан әрі оқытуды жалғастырады.

Белгіленген оқыту бағдарламалары олардың біліктілігін арттыру және деректер экожүйесін дамытудың бірыңғай көзқарасын қалыптастыру үшін дата стюардтарды да қамтиды. Оқытылған **дата стюардтар** кейіннен ұлттық тіркелімдерден алынған деректермен жұмыс істеу кезінде алған дағдыларын қолданатын болады.

Бюро қызметкерлерінің талдамалық әлеуеті де ЖОО-мен бірлесіп **зерттеу белсенділігі** есебінен дамиды болады. Бірлескен зерттеулер Бюроны да, жоғары оқу орындарын да қызықтыратын тақырыптар бойынша жүргізілетін болады. Бюро **сайтта ағымдағы зерттеу қажеттіліктерін шешуге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарының тізімін** ұсынады. Сондай-ақ, Бюро жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамымен оларды қызықтыратын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарына белсенді түрде тартылатын болады.

Белгіленген бағыттар шеңберінде деректер базасын сәйкестендірілмеген түрде ұсынумен қатар, жарияланымдарға ықтимал бірлескен авторлықпен әдіснамалық көмек көрсетілетін болады.

Бұдан басқа, Бюроның ЖОО-мен иесіздендірілген микродеректерді ұсыну бөлігінде **өзара іс-қимыл тетігі жүйелендірілетін болады және зерттеушілер үшін** деректер алушылардың тізімін және зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сілтемелерді көрсететін ақпараттық сервис іске қосылатын болады. Бұл Бюро деректері негізінде зерттеу қызметінің ашықтығын, үйлестірілуін және нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.



## 4-МІНДЕТ.

### ДЕРЕКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АШЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ДЕРЕКТЕР НАРЫҒЫН ҚҰРУ

Деректер экожүйесін дамытудың маңызды **бағыты деректерге тең қол жеткізуді** қамтамасыз ету болып табылады. Деректерді жаппай пайдалану олардың құндылығын арттыруға, сондай-ақ деректер негізінде шешім қабылдау тәжірибесін толығымен енгізуге мүмкіндік береді.

Осы мақсатта Бюро деректерге оңай қол жеткізуге арналған үшін сервистер қалыптастыруда. Атап айтқанда, барлық негізгі статистикалық көрсеткіштер бойынша **интерактивті дэшбордтар** әзірленуде. Болашақта аккредиттелген пайдаланушылардың микродеректерді жан-жақты пайдалануы үшін **зерттеуші кабинетін** және **деректердің виртуалды зертханасын** құру жоспарлануда.

Осы бағыт шеңберінде пайдаланушылардың микродеректерге қолжетімділігі **заңнамалық түрде кеңейтілетін** болады. Иесіздендірілген микродеректерге қол жеткізу халық пен бизнестің әртүрлілігін ескере отырып, кешенді проблемаларды талдауға, мемлекеттік саясаттың өзгеруі мен макроэкономикалық күйзелістердің ықтимал **әсерін бағалау үшін микромодельдеу** құралдарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Деректерді тарату және оларды жаппай қолдану бойынша негізгі серіктестердің бірі – иесіздендірілген микродеректерге заңнамалық қол жетімділігі бар ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары. Студенттер арасында деректермен жұмыс істеу мәдениетін ілгерілету үшін микродеректерді пайдалана отырып, бірлескен жобалар, конкурстар және зерттеулер құрылуда.

Статистикалық деректермен қатар пайдаланушылардың орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда бар әкімшілік деректерге қол жеткізуін қамтамасыз ету маңызды. Көбінесе әкімшілік деректер пайдаланушыларға қолжетімді емес және тек бір рет қолданылады, бұл жиналған деректердің ықтимал әсерін азайтады.

Жеке сектор қалыптастыратын **баламалы дереккөздерден алынған деректерді ашу** айтарлықтай әлеуетке ие. Оларды белсенді пайдалану әлеуметтік-экономикалық жағдайдың толық бейнесін алуға мүмкіндік береді.

Белгіленген біріктірілген дереккөздерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін **деректердің инклюзивтілігі мен құпиялылығын** бір уақытта сақтау мақсатында үйлестіруді және **нақты ойын ережелерін** қамтамасыз ететін **деректер нарығын реттеушінің рөлі** маңызды. Осыған байланысты **деректер экожүйесінің теңгерімді дамуы** үшін реттеуші алаң құру қажет.



Деректер экожүйесін дамытудың маңызды драйвері **деректерді монетизациялау** мүмкіндігі болады. Осыған байланысты бірыңғай деректер платформасы сервистерін коммерцияландыру құралы ретінде нарықтың әртүрлі қатысушыларына деректермен және дата-өнімдер мен мәмілелер жасауға мүмкіндік беретін әмбебап **деректер биржасы** құрылатын болады. Сайтта деректермен алмасу және оларды талдау үшін технологиялар қол жетімді болады, бұл ретте алаң деректерді монетизациялаудың дайын сценарийлерін ұсынатын болады. Биржа деректер экожүйесінің өзегі болуы керек, бұл кейіннен ұлттық деректер нарығын дамытуға мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді перспективада аталған міндеттерді іске асыру **толыққанды деректер нарығын** құруға мүмкіндік береді. Деректер нарығының қатысушылары деректерді **өзара байыта** және оларды монетизациялай алады, осылайша пайдалылығын арттырады, ал мемлекет **біріктірілген деректер көздері** негізінде тиімді шешімдер қабылдай алады.





08




**КҮТІЛЕТІН  
НӘТИЖЕЛЕР**



## Күтілетін нәтижелер

**2025 жылдың** соңына қарай Ұлттық статистика жүйесін трансформациялаудың нәтижесі мемлекеттік секторды, азаматтарды және бизнесті қоса алғанда, **деректер нарығының барлық пайдаланушыларына** пайдалы болатын толыққанды **деректердің ұлттық экожүйесін** құру болады.

### СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ҮШІН КҮТІЛЕТІН ӘСЕР

	 Мемлекет	 Азаматтар	 Бизнес
<b>Есептілікті жинау және қызмет көрсету</b>	Статистикалық байқауларды <b>2 есе оңтайландыру</b> (2022ж. – 146 нысан)	Мемлекеттік қызметтерді <b>проактивті ұсыну</b>	Есептіліктің қайталануын болдырмау есебінен <b>жүктемені азайту</b>
<b>Деректерді ашу</b>	<b>Деректерді ашу және құндылығын өсіру</b> арқылы қайта пайдалану мүмкіндігін арттыру	<b>Дербес деректердің қауіпсіздігі</b> мен ақпараттың құпиялылығы талаптарын сақтау	Ақпараттық асимметрияларды жою есебінен <b>тиімді бизнес жүргізу үшін тауаша ашу</b>
<b>Деректерді пайдалану</b>	<b>Жоспарлау дәлдігін, қабылданған шешімдердің жылдамдығы мен сапасын</b> арттыру	Деректер негізіндегі көптеген <b>жаңа сервистер мен өнімдер</b>	<b>Жаңа дата өнімдерді және деректерді монетизациялаудың заңды мүмкіндіктерін</b> енгізу



An abstract graphic on a dark blue background featuring a grid of numbers and lines. The numbers are in various colors (red, blue, orange, yellow) and sizes, scattered across the frame. Lines connect some of the numbers, creating a network-like structure. The overall effect is a complex, data-driven visualization.

09

# ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ



# Іске асыру кезеңдері

Тұжырымдама шеңберінде ұсынылған міндеттер 3 жыл ішінде 2 кезеңде іске асырылатын болады. Төменде осы кезеңде (2023-2025 жылдар) іске асыруға жоспарланған іс-шаралар берілген.

№	Іс-шаралар	2023 ж.	2024-2025 жж.
<b>1</b>	<b>1-міндет. Нормативтік құқықтық және әдіснамалық базаны жетілдіру</b>		
1.1	«Мемлекеттік статистика және деректер туралы» Заңды және тиісті НҚА әзірлеу	■	
1.2	Деректерді басқару аудитін жүргізу үшін әдіснамалық талаптарды жетілдіру	■	
1.3	Деректер сапасын қамтамасыз ету және бақылау Әдіснамасын әзірлеу	■	
1.4	Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне аудит жүргізу	■	■
1.5	БҰҰ ЕЭК Қазақстанның статистикалық жүйесін жаһандық бағалау	■	
1.6	ЭЫДҰ Комитетінің «мүшесі» мәртебесін одан әрі алу арқылы ЭЫДҰ шолуы	■	■
1.7	ЭЫДҰ және БҰҰ ЕЭК ұсынымдарын орындау	■	■
<b>2</b>	<b>2-міндет. Мемлекеттің ұлттық тіркелімдері негізінде әкімшілік және баламалы дереккөздерді белсенді пайдалану</b>		
2.1	Ел үшін деректердің мақсатты архитектурасын әзірлеу және бекіту	■	
2.2	Дата-каталогты әзірлеу және метадеректерді стандарттау	■	
2.3	Мемлекеттік деректер базасы негізінде ұлттық тіркелімдерді құру және олардың сапасын арттыру	■	
2.4	«Қайта іске қосу» және дата-стюардтарды оқыту	■	
2.5	Баламалы ақпарат дереккөздерін пайдалану	■	■
2.6	Статистикалық қызметтің ішкі процестерін цифрландыру	■	
2.7	«Е-Статистика» ИАЖ жаңарту	■	■
2.8	Деректерді сақтауға және өңдеуге арналған өндірістік қуаттарды кеңейту және қайта бөлу	■	■
<b>3</b>	<b>3-міндет. Мемлекеттік органдардың талдамалық әлеуетін нығайту</b>		
3.1	Мемлекеттік қызметшілерді оқыту және құзыреттілігін дамыту	■	
3.2	Ғылыми-зерттеу құзыреттері мен технологиялық тәжірибелерді қалыптастыру	■	
3.3	Біліктілікті арттырудың мамандандырылған бағдарламаларын әзірлеу	■	■
3.4	Жоғары оқу орындарымен бірлескен зерттеулер жүргізу	■	■
3.5	Иесіздендірілген деректерді ұсынудың жаңа тетігін құру және зерттеушілер үшін ақпараттық сервисті іске қосу	■	■
<b>4</b>	<b>4-міндет. Деректерге қол жеткізуді қамтамасыз ету және ашық бәсекеге қабілетті деректер нарығын құру</b>		
4.1	Зерттеу жүргізу және талдамалық шешімдерді іске асыру мақсатында микродеректерге қол жеткізуді қамтамасыз ету	■	■
4.2	Деректер «Биржасын» құру		■
4.3	Дәстүрлі санақтан тіркелімдік санаққа көшуге дайындық		■



# Қысқартулар

<b>DAMA</b>	Деректерді басқару қауымдастығы (Data Management Association)
<b>Бюро</b>	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
<b>ЦДИАӨМ</b>	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
<b>ОМО</b>	Орталық мемлекеттік органдар
<b>МО</b>	Мемлекеттік орган
<b>ЖАО</b>	Жергілікті атқарушы органдар
<b>ҰСБ</b>	Ұлттық статистика басқармасы
<b>IT</b>	Ақпараттық технологиялар
<b>ТБИ</b>	Тұтыну бағаларының индексі
<b>ЖІӨ</b>	Жалпы ішкі өнім
<b>ЭЫДҰ</b>	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
<b>GCDS</b>	Government chief data steward (Үкімет деректерінің бас басқарушысы)
<b>Stats NZ</b>	Жаңа Зеландияның статистика басқармасы
<b>DGLG</b>	Digital government leader group (Цифрлық үкімет көшбасшыларының тобы)
<b>INEGI</b>	Instituto Nacional de Estadística y Geografía (Мексика Ұлттық статистика және география институты)
<b>DMBOK</b>	Data management body of knowledge (деректерді басқару бойынша білім жинағы)
<b>БҰҰ ЕЭК</b>	Біріккен ұлттар ұйымының Еуразиялық экономикалық комиссиясы
<b>НҚА</b>	Нормативтік құқықтық акт